

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования» от 26 июня 2021 года № 56-VII ЗРК.
2. Образование в республике Казахстан. Статистический сборник. – Астана. – 2023 год. – 207 С.
3. Саратова Л.М. Теоретический анализ проблемы изучения детей с особыми познавательными потребностями / Л. М. Саратова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2011. — № 7 (30). — Т. 2. — С. 60-64. — URL: <https://moluch.ru/archive/30/3414/> (дата обращения: 08.11.2024).
4. Казакова Т.Г. Теория и методика развития детского изобразительного творчества. - Москва, 2006 год. – 255 С.
5. Васильева П.В. Инклюзивное образование в США. – Москва. – 2018 год. – 96 С.
6. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – Москва. – 1955год. – 651 С.
7. Жубакова С.С. Теория и практика инклюзивного образования: учебное пособие. – Алматы. – 2017год. – 148 С.
8. Тебеннова К.С., Каргин С.Т., Заркенова Л.С., Рымханова А.Р. Основы инклюзивного образования. – Алматы. 2016. – 119 С.

Жумабекова Н.К., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, педагогика факультеті, ДФ-31-21 (к)
(Алшынбекова Г.К., арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының б.ғ.к., қауымдастырылған профессоры)

QAZ-ORTON ӘДІСІ: ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДА ДИСЛЕКСИЯНЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстанның білім беру жүйесінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Солардың ішінде психикалық дамуы тежелген дислексиясы бар балалардың оқу және жазу дағдыларын дамыту ерекше назарды талап етеді. Қазіргі таңда психикалық дамуы тежелген дислексиясы бар қазақ тілді балалардың оқу және жазу дағдыларын дамытуға арналған арнайы әдістемелердің жеткіліксіздігі орын алуда. Бұл мәселе мұғалімдердің ПДТ балалармен жұмыс істеуіне кедергі келтіреді және олардың білім алу сапасына әсер етеді [1]. ПДТ балалардың танымдық процестері мен эмоционалдық-еріктік саласындағы ерекшеліктері оқу материалын меңгеруде қиындықтар туғызады, сондықтан оқу бағдарламаларын түрлендіруді, оқу материалын қайта бөлуді және оны өту қарқынын өзгертуді қажет етеді [2,3]. Дислексия – оқу мен жазуда қиындықтар туғызатын неврологиялық ерекшелік, және оны түзету үшін арнайы әдістемелер қажет. Әлемде дислексияны түзетуде кеңінен қолданылатын тиімді әдістердің бірі – Ортон-Гиллингем әдісі [4]. Әдіс балалардың мидың үш негізгі жолын – визуалды, аудиалды және кинестетикалық – пайдалану арқылы оқуды оңайырақ меңгеруін қамтамасыз етеді. Жалпы дислексия оқу процесінің спецификалық жартылай бұзылысы. Бұл оқу дағдыларының дамуындағы проблемалармен байланысты психологиялық-педагогикалық ұғым. Бұл оқушының жас ерекшелігіне сәйкес емес оқу және жазу қиындықтарымен сипатталады. Ортон-Гиллингем әдісі - оқу қиындықтары бар оқушылар үшін тиімді шешім, өйткені ол оларға өмірде табысты болу үшін қажетті дағдыларды алуға көмектеседі. ПДТ балалардың зейіні тұрақсыз, тез алаңдаушылықпен сипатталады, бұл олардың оқу процесіне толыққанды қатысуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, есте сақтау қабілеттерінің төмендігі, әсіресе ерікті есте сақтау, оқу материалын меңгеруде қосымша қиындықтар туғызады. Эмоционалдық тұрақсыздық, көңіл-күйдің жиі өзгеруі, мазасыздық сияқты ерекшеліктер де оқу процесіне теріс әсер етеді. Ортон Гиллингем әдісінің мультисенсорлық тәсілі ПДТ және дислексиясы бар балалардың оқу және жазу дағдыларын дамытуда ерекше тиімді болуы мүмкін. Бұл әдіс көру, есту және кинестетикалық сезімдерді біріктіре отырып, балалардың оқу материалын жақсырақ меңгеруіне ықпал етеді. Алайда, бұл әдістің қазақ тіліне бейімделуі қазіргі уақытта жүзеге асырылмаған. Қазақ тілі – өзіндік фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар тіл болғандықтан, Ортон-Гиллингем әдісін бейімдеу барысында осы ерекшеліктерді ескеру қажет [5]. Осыған байланысты, Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеу арқылы ПДТ және дислексиясы бар балалардың оқу және жазу дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістеме әзірлеу

қажеттілігі туындап отыр. Бұл өз кезегінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алу сапасын арттыруға және олардың қоғамға бейімделуіне ықпал етеді. Осыған орай біз Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тілді балаларға бейімдеу арқылы бұл мәселені шешіп, балалардың оқу процесін тиімді ұйымдастыруға жол ашамыз.

Әдістің ерекшелігі тек тікелей және айқын ғана емес, сонымен қатар ғылыми негізделген. Ол оқушылардың өзін-өзі бағалауын және сенімділігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ортон-Гиллингем әдісі ағылшын тілді елдерде сәтті қолданылып келеді. Өткен ғасырдың 1920-жылдарында нейрофизиолог Самуэль және Т. Ортон дислексиясы бар балаларда оқуға қабілеттілігінен айырылған науқастарға ұқсас белгілер болатынын байқады [6]. Зерттеу нәтижесінде Ортон ми жартышарларының асимметриясы мен адамның дыбысты таңбамен сәйкестендіре алмауы арасындағы байланысты анықтады [7]. Ол оқу қабілетінің бұзылуы ми доминанттылығының толық болмауынан туындайтынын, бұл көрнекі және есту қабылдауына әсер ететінін ұсынды. Ортон зерттеуінде Грейс Фернальдтың тәжірибесіне сүйенді, ол балаларды оқытуда визуалды, есту, тактильді және кинестетикалық қабылдауды сәтті үйлестірген. Фернальд идеясын дамыта отырып, Ортон бірнеше сезімталдық арналарын қосу арқылы графема мен фонема арасында тұрақты ассоциация құруға болатынын және бұл оқуды меңгерудің маңызды негізі екенін айтты [8]. Кейіннен Ортон өзінің зерттеулерін педагог және психолог Анна Гиллингеммен бірге жалғастырды. Олар бірлесіп, дислексияға бейім балаларды оқытуға арналған жаңа әдісті жасап, осы балаларға арналған оқыту принциптері мен әдістерін қалыптастырды. 1935 жылы Гиллингем өзінің ұзақ уақыттық серіктесі Бесси Стиллманмен бірге “Оқу, жазу және каллиграфияда арнайы қиындықтары бар балаларға арналған түзету оқыту” атты нұсқаулықты жариялады. Бұл еңбек қазіргі уақытта Ортон-Гиллингем әдісі ретінде белгілі, ол оқу қиындықтары бар адамдарға арналған мультисенсорлық фонетикалық техника болып табылады. Ортон-Гиллингем әдісінің негізгі принциптері ең алдымен тіл табиғатын, оның оқу жетістігіне әсер ететін негізгі механизмдерін терең білуге және түсінуге негізделеді. Бұл әдіс тілдің күрделі жүйе екенін мойындап, әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделеді [9]. Ғылыми негізделген тәсіл фонемалар мен графемалардың байланысын оқушыларға есту, көру және кинестетикалық арналар арқылы үйретуге бағытталған. Әртүрлі арналарды қолданып, ұғымдарды оқыту және қайталау оқушылардың естігені, айтқаны, көргені мен жазғаны арасындағы байланысты нығайтады. Нейрофизиолог Самуэль және Т. Ортон дислексия бұзылысы бар балаларда оқу қабілетін дамыту кезінде әртүрлі сезім мүшелерін – визуалды, есту, тактильді және кинестетикалық қабылдауды бірге қолдану олардың оқу қабілетін айтарлықтай жақсартатынын байқады [10]. Бұл әдіс бойынша баланы әріптің графикалық бейнесін көру, сәйкес дыбысты айту және оны ауада жазу арқылы үйрету қарастырылады. Осылайша, бірнеше қабылдау арналарын қатар қолдану есте сақтауды жақсартады. Ортон-Гиллингем әдісінде фонематикалық талдау оқу процесінің бастапқы кезеңі болып табылады. Балалар алдымен сөздер мен буындарды жеке фонемаларға бөлуге, оларды бір сөзге біріктіруге, дыбыстарды алмастыруға және салыстыруға үйретіледі. Ортон-Гиллингем әдісінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – мультисенсорлық оқыту тәсілін қолдануы. Бұл әдіс оқушыларға оқу және жазуға үйренуге көмектесетін визуалды (көрнекі) және аудио (есту) ақпаратпен қатар, қозғалысты (кинестетикалық) және сенсорлықты (тактильді) пайдаланады [11]. Мысалы, оқушылар әріпті көріп, оның дыбысын айтып, сол әріпті ауада немесе құмда жазу арқылы бірнеше сезім мүшелерін қатар қолданады. Бұл тәсіл ақпаратты есте сақтауды және түсінуді жақсартады. Мультисенсорлық оқыту әсіресе дислексиясы бар балалар үшін тиімді, себебі олар ақпаратты әртүрлі сезім мүшелері арқылы қабылдағанда жақсы меңгереді. Бұл әдіс оқушылардың оқу дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың өзіне деген сенімділігін арттырады. Сонымен қатар, мультисенсорлық тәсіл жалпы барлық оқушылар үшін пайдалы, өйткені ол әртүрлі оқу стильдерін қамтиды және оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Ортон-Гиллингем – бұл бағдарлама емес, оқыту тәсілі. Ол оқу, жазу және емлені меңгеру оңайға түспейтін адамдарға сауаттылықты оқытудың жүйелі тәсілі болып табылады. Көптеген оқушылардың дислексиясы болуы мүмкін, бірақ құрылымдық сауаттылық тәсілі көптеген басқа адамдарға да пайдасын тигізеді. Бұл әдіс жан-жақты, икемді және жеке оқушыға бейімделгені жөн. Алайда әр оқушының сабағы оның қажеттіліктеріне қарай ерекше болғанымен, барлық сабақтар ортақ Ортон-Гиллингем принциптеріне негізделеді. Ортон-Гиллингем әдісінің негізгі принциптері:

1. Жекелендірілген тәсіл

Әр оқушының қажеттіліктерін ескере отырып, сауаттылық бойынша кешенді бағалауға негізделген жеке сабақтар жоспарланады. Жалпы тақырыптар мен дәйектіліктер бар, бірақ дағдылардың нақты реттілігі жоқ. Әр баланың жолы оның меңгерген және меңгеруге уақыт қажет ететін дағдыларына байланысты біршама ерекшеленеді.

2. Диагностикалық және нұсқаулық тәсіл

Мұғалім әр сабақты алдыңғы сабақтардағы қателіктерді негізге ала отырып жоспарлайды. Сабақ барысында оқушының жетістіктері мен қателіктері бойынша жазбалар жүргізіледі, ал қателіктер бірден түзетіледі.

3. Жүйелі тәсіл

Оқыту қарапайым ұғымдардан күрделі ұғымдарға қарай біртіндеп жүргізіледі. Мұғалімдер дыбыс пен таңбаның байланысын, буындарды, көпбуынды сөздерді бөлу ережелерін, емле ережелерін, морфемаларды және т.б. тікелей оқытады.

4. Реттілік пен жинақтау

Әр сабақта мұғалім алдын-ала үйретілген дағдыларды қайталауды қосады. Дислексиясы бар оқушылар дағдыны толық меңгеру үшін көп мәрте қайталауды қажет етеді. Оқушының қателіктерін қадағалап, оларды қажет болған жағдайда қайта пысықтайды. Сабақ материалдары бұрын үйретілген ақпаратқа сүйене отырып құрылады, бұл оқушыға жаңа ақпаратты оңай меңгеруге мүмкіндік береді.

5. Айқын (эксплицитті) оқыту

Барлық дағдылар оқушыға тікелей және нақты түрде оқытылады. Оқушыға бұрын үйретілмеген ақпаратты өздігінен меңгеруі талап етілмейді. Дағдыны тікелей үйреткеннен кейін мұғалім оны біртіндеп тәуелсіз орындауға дағдыландырады.

6. Мультисенсорлық тәсіл

Бұл әдіс ақпаратты меңгеруде визуалды (көру), аудиалды (есту) және тактильді/кинестетикалық (қозғалыс) жолдарды бір уақытта қолданады. Бұл тәсіл ақпаратты есте сақтау мен қайта жаңғырту қабілетін арттырады. Мультисенсорлық техника сабақ бойы қолданылады. Оларға әріптерді дыбыстай отырып жазу, буындарды қолтау, дыбыстарды біріктіру, оқыған кезде белгілерді қадағалау, жазу үлгілерін ерекшелік көрсету және т.б. жатады.

7. Құрылымдық сауаттылық

Мұғалім ақпаратты жүйелі түрде және ретімен береді, бұған осы уақытқа дейін үйретілген және жаңа ақпарат кіреді. Бұл тек фонетикамен ғана шектелмей, тілдің барлық қырларын қамтиды (1 сурет) [12].

Құрылым	Қамтылатын аспектілер
Фонемалық қабылдау	Дыбыстарды тану және ажырату
Фонетика	Артикуляциялық ерекшеліктер
Буындар	Сөздердің буындық құрылымы
Емле үлгілері	Сөздердің дұрыс жазылуы
Морфология	Сөз құрылымы және түрленуі
Жазбаша сөйлеу	Сөздерден сөйлем құрастыру
Грамматика	Құрылымдық ережелер
Сөздік қор	Сөздердің мағынасын түсіну
Мәтіннің мағынасын түсіну	Оқылған ақпаратты игеру

1 сурет. Тіл құрылымы мен қамтылатын аспектілер

Бұл тәсіл оқушыларға оқуды үйренуге көмектесу үшін бірнеше сезім мүшесін қолданады. Мысалы, оқушылар «р» әрпін оның бейнесін көріп, атын айтып, дыбыстау арқылы және оны саусақтарымен құмда, ауада, тіпті сабынды көбікте жазу арқылы меңгереді. Ортон-Гиллингем сондай-ақ оқушыларға оқу мен емледегі ережелер мен үлгілерді түсінуге көмектеседі. Бұл дағдылар арқылы олар сөздерді дұрыс ажыратып, дыбыстай алады. Жалпы Ортон-Гиллингем әдісінің басты ерекшелігі:

- Оқу қиындықтары бар оқушыларға көмектесуге арналған оқыту тәсілі.
- Бұл әдіс дыбыстар мен әріптердің арасындағы байланысты нақты үйретеді.
- Ол оқуды оқытуда мультисенсорлық тәсілді алғаш рет енгізді.

Қазақ тіліндегі дыбыстық жүйенің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеуді қарастырып отырмыз. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың алуан түрлілігі, сөздердің буын құрылымы, емле ережелері сияқты аспектілерді ескеріп, қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне байланысты әдістемені түрлендірудеміз. Қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесі оның құрылымдық негізін құрайды. Бұл жүйелер қазақ тілінің ішкі табиғатын, дыбыстық заңдылықтарын, сөздердің грамматикалық құрылысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Әдіс қазақ тіліне қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып бейімделу қажет. Фонетикалық жүйе – тілдің дыбыстық құрылымын, дыбыстардың жасалуын, олардың сөз ішіндегі қызметін және өзара байланыстарын зерттейтін сала. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі үндестік заңдарына, дыбыстардың айтылу ерекшеліктеріне және олардың өзара ықпалына негізделген. Бұл жүйе қазақ тілінің ерекше құрылымдық сипаттарын айқындайды Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі дыбыстардың табиғи үйлесімін, сөздердің құрылымдық ретін және сөйлеу тілінің ерекшеліктерін айқындайды. Бұл жүйе:

- 1) Дыбыстарды дұрыс ажыратуға және дыбыстауға көмектеседі.
- 2) Сөздер мен сөйлемдердің табиғи және жеңіл айтылуын қамтамасыз етеді.
- 3) Сөйлеу тілінің ырғақтылығы мен үндестігін реттейді [13].

Морфологиялық жүйе – бұл тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыратын негізгі бөлімдердің бірі. Ол сөздердің құрамын, олардың жасалу жолдарын, грамматикалық мағыналарын және сөйлемдегі қызметін зерттейді. Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі агглютинативті сипатқа ие, яғни сөздерге мағыналық және грамматикалық қосымшалар реттілікпен жалғанып, жаңа сөздер мен формалар жасалады. Қазақ тіліндегі морфологиялық жүйе сөздердің құрылымын, мағынасын және сөйлемдегі қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Агглютинативті құрылым, қосымшалардың үндестігі мен реті, сөзжасам заңдылықтары – тілдің икемділігі мен байлығын көрсететін негізгі элементтер. Бұл жүйе қазақ тілінің грамматикалық құрылымын толыққанды түсінуге және қолдануға жағдай жасайды.

Қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесінде үндестік заңы ерекше орын алады. Бұл заң сөздің барлық бөліктерінде біркелкі дыбыстық үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Үндестік заңы тек жуан-жінішке үндесіммен ғана шектелмейді, сонымен қатар дауыстылар мен дауыссыздардың сөз ішінде үндесуін қамтиды. Қазақ тіліндегі үндестік заңы, дыбыстық алмасулар, буындық құрылым мен қосымшалардың ерекшеліктері оны басқа тілдерден айрықшалайды. Сондай-ақ, түбір сөздер мен қосымшалардың морфологиялық жүйесі арқылы қазақ тілі грамматикалық және семантикалық мағыналарды нақты жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесі оның ұлттық ерекшелігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Фонетикалық жүйе дыбыстардың ішкі үндестігін және үйлесімділігін қамтамасыз етсе, морфологиялық жүйе сөздердің грамматикалық байланыстарын реттейді [14]. Бұл жүйелердің өзара үйлесімділігі қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін қалыптастырады және оның функционалдығын арттырады.

Қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, Ортон-Гиллингем әдісіндегі мультисенсорлық тәсілді қолдану тиімді. Бұл тәсіл оқушыларға көру, есту және қолмен жазу арқылы дыбыстар мен сөздерді меңгеруге көмектеседі. Әріптерді жазу, дыбыстарды тыңдау және оларды сөздерге біріктіру арқылы балалардың оқу дағдылары жетілдіріледі. Қазақ тілінде әр оқушының жеке қабілетін ескере отырып, оқу бағдарламасын құру мүмкіндігі бар. Ортон-Гиллингем әдісі әр баланың жеке оқу жылдамдығы мен түсіну деңгейіне бейімделуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе дислексиясы бар балалар үшін өте маңызды. Қазақ тілінде әртүрлі фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерді есте сақтау үшін тұрақты қайталау қажет. Бұл әдіс оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсартып, сөздердің құрылымын автоматтандыруға көмектеседі. Дислексияны түзетуде Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеу оның фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың оқу және жазу дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Бұл бейімделу тек тілдің ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар балалардың жеке қажеттіліктерін де ескере отырып, тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, қазақ тіліндегі дислексияны түзету жұмыстары үшін бұл әдіс ерекше маңызды болып табылады.

Ортон-Гиллингем әдісінің ғылыми-теориялық негіздерін, қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін және психикалық дамуы тежелген дислексия бұзылысы бар оқушыларға түзету жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын теориялық түрде зерттеуден кейін эксперименттік зерттеу жұмысы жүргізілді. Эксперименттік зерттеудің мақсаты – Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеу арқылы дислексиясы бар балалардың оқу, жазу және фонематикалық дағдыларын жетілдіру. Бағдарлама әріптерді тану, буындарды құрастыру, сөздерді оқу және сөйлемдер құрастыру сияқты негізгі дағдыларды дамытуға бағытталған.

Эксперимент 3 кезеңнен тұрады:

- 1) Диагностикалық кезең: Балалардың оқу және жазу дағдыларын анықтау мақсатында әріптерді тану, буындарды, сөздерді және сөйлемдерді құрастыру қабілеттері тексерілді.
- 2) Түзету-дамыту кезеңі: «Qaz-Orton: Дислексияны түзету әдісі» электрондық бағдарламасы арқылы қазақ тіліндегі әріптерді, буындарды, сөздерді және сөйлем құрастыруды үйрету сабақтары ұйымдастырылды.
- 3) Қорытынды кезең: Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін қайта диагностика жүргізілді.

Диагностикалық кезеңде, оқушылардың оқу қабілетінің деңгейін зерттеу үшін Г.Ә. Әліпбаева, С.М. Шаштыгарина, С. В. Коноваленко әзірлеген әдістемелері қолданылды [15].

№1 тапсырма. Оқшауланған дыбыстарды қабылдау және саралау.

Нұсқаулық: «жалауша» ойынын ойнаймыз, мені мұқият тыңда. Егер С, Ш, З дыбыстарын естісең кіші жалаушаны көтересің. Балаға бірнеше дыбыстарды тыңдау және белгілі бір дыбысты естіген кезде жалаушаны көтеру ұсынылады.

Тексеру үшін материал ретінде логопедпен айтылатын оқшауланған дыбыстардың қатары мынадай:

л, н, п, с, д, к, з, ш, ч, в, с, ж, ц, ф, л, к, ш, р, м, с, щ, ш, л, ч, р, м, ч, м, л, н, к, р, п, р, д, л, т, ш, х, т, ж, щ, з, ш, ч, п, м, ш, т, г, б

№2 тапсырма. Буындарды сәйкестендіру.

Нұсқаулық: Балаға екі-үш буыннан тұратын карточкаларды таңдау ұсынылады.

Зерттеу жұмыстары құрамында дауысты және дауыссыз дыбыстарды қамтитын екі-үш буындардан тұратын: акустикалық ұқсас, бірақ артикуляторлық алыс дыбыстар; акустикалық және артикуляторлық жақын дыбыстар; артикуляторлық жақын, бірақ акустикалық алыс дыбыстардан құралған материалдарымен жүргізіледі: Са-ша, шо-со-шо, ся-ця-ся, зу-жу, за-жа-зя, зо-жо-зо Су-цу, сы-зы-зы, ся-зя-ся, ца-са-ца, са-ца-цу, сы-цы-сы Жи-жи-ши, шо-шо-жо, жу-шу-жу чу-щу, ча-ча-ща, ши-ши-чи Па-бо-пы, бо-бо-по, ба-по-бы, го-ку-га, ка-га-ко, га-га-ка То-ду-ты, до-ту-та, ту-да-до, фо-ву-фы, вы-фо-ву, фу-фо-ва Ра-ла-ро, ла-ло-ра, ру-ра-ла, ца-тя-тя, тю-цу-тю, цу-ту-ца

1 кесте. Психикалық дамуы тежелген дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларының оқу қабілеті деңгейлері

Деңгей	Эксперименталды топ n = 6		Бақылау топ n = 6	
		%		%
Жоғарғы	1	16,7	1	16,7
Ортаңғы	2	33,3	3	50,0
Төменгі	3	50,0	2	33,3

Осылайша, ПДТ дислексиясы бар балалардың оқу қабілеттерін зерттей келе, эксперимент тобының 16,7%-ында оқу деңгейі жоғары, 33,3%-ында орташа және 50%-ында төмен деңгей анықталды. Ал бақылау тобында жоғарығы 16,7%-ды, орташа деңгей 50%-ды, ал төменгі деңгей 33,3%-ды құрады.

Анықтаушы экспериментінің нәтижелеріне сүйене отырып, сонымен қатар зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдай келе, біз электрондық бағдарлама әзірледік және сынақтан өткіздік. Ұсынылған электрондық бағдарлама өз кезегінде психикалық дамуы тежелген дислексиясы бар бастауыш сынып оқушыларының дамуына жан-жақты көмек береді.

Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеу дислексиясы бар балалардың оқу-жазу қабілеттерін дамытуда инновациялық тәсіл ретінде қолданыла алады. Бұл бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының білім алуына және интеграциялық мүмкіндіктерін арттыруға үлкен ықпал жасайды. «Qaz-Orton: Дислексияны түзету әдісі» электронды бағдарламасы дислексиясы бар балалардың оқу және жазу қабілеттерін дамыту үшін арнайы құрылды [16].

Бағдарлама келесі модульдерден тұрады:

- 1-ші деңгей: Әріптерді тану және дыбыстарды ажырату
- 2-ші деңгей: «Дыбысты тап»
- 3-ші деңгей: «Жемістер»
- 4-ші деңгей: «Суреттер сөйлейді»

Бұл ойынның барлық деңгейлері баланың оқу және жазу дағдыларын жүйелі түрде дамытуды көздейді, әр деңгей өткен сайын тапсырмалар күрделене түседі. Бағдарламаның артықшылықтары:


- 1) Қазақ тіліндегі алғашқы арнайы бейімделген әдіс: Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеу арқылы балаларға ана тілінде білім алуға мүмкіндік береді.
- 2) Электрондық формат: Бағдарлама интерактивті тапсырмалармен және ойын элементтерімен толтырылған, бұл балалардың қызығушылығын арттырады.
- 3) Жеке жұмыс мүмкіндігі: Бағдарлама баланың деңгейіне қарай икемделіп, жеке оқытуға мүмкіндік береді.
- 4) Тілдік дағдыларды кешенді дамыту: Бағдарлама фонематикалық қабылдау, оқу және жазу қабілеттерін бір уақытта дамытады.

«Qaz-Orton: Дислексияны түзету әдісі» электронды бағдарламасы балалардың оқу және жазу қабілеттерін жақсартуға бағытталған. Әрбір деңгейдегі жүйелі және ойын элементтері балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, дислексияның салдарын жеңілдетеді.

Құрылған электрондық бағдарлама бойынша бастауыш сынып оқушыларымен түзету-дамыту жұмысы өткізілді. Бағдарлама бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі кестеде берілген. Қайта диагностика бойынша балаларды тексеру анықтауыш кезеңдегі тапсырмалар бойынша және сол бағалық өлшем бойынша жүргізілді.

2 кесте. Дислексияны түзетуге арналған «Qaz-Orton» электрондық бағдарламасының тиімділік көрсеткіші

Деңгей	Эксперименталды топ n = 6		Бақылау топ n = 6	
		%		%
Жоғарғы	1	16,7	1	16,7
Ортаңғы	2	33,3	3	50,0
Төменгі	3	50,0	2	33,3



2 сурет. Дислексияны түзетуге арналған «Qaz-Orton» электрондық бағдарламасының тиімділік көрсеткіші

Бақылау тобының оқушыларының орташа көрсеткіші 43%-ды құрады, бұл олардың сөйлем құрастыру және сөздерді байланыстыру дағдыларының төмен екенін көрсетеді. Топтағы оқушылардың нәтижелері әртүрлі болғанымен, 1-3 сөйлем аралығында өзгеріп отырды. Бұл қосымша түзету жұмыстарын жүргізу қажеттігін көрсетеді. Эксперимент тобының нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары болды. Сөйлем құрастыру тапсырмасында 44% дық айырмашылық байқалды. Эксперимент тобының оқушылары қолданылған бағдарламаның арқасында жоғары жетістіктерге жетсе, бақылау тобындағы оқушылардың көрсеткіштері төмен деңгейде қалды.

Қорыта келгенде, Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеу арқылы психикалық дамуы тежелген дислексия бұзылысы бар балалардың оқу және жазу дағдыларын дамытуға болады. Бұл әдіс олардың фонема аралық байланыстарды меңгеруіне, әріптер мен дыбыстар арасындағы сәйкестікті түсінуіне, сондай-ақ буындық және сөздік деңгейде дыбыстық талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде балалар оқу мен жазу дағдыларын тиімді меңгереді және оқу үлгерімдерінің артуына қол жеткізеді. Қазақ тіліне Ортон-Гиллингем әдісінің элементтерін бейімдеу оқудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі және балалардың тілдік дағдыларын дамытуда тиімді құрал бола алады. Әдісті қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеп, оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеріп қолдану қазақ тіліндегі сауаттылық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Ортон-Гиллингем әдісінің тиімділігін сенімді түрде айтуға болады. Бұл әдіс тек дислексиясы бар балалар үшін ғана емес, жалпы оқу мен жазуды меңгеруде қиындықтар туындайтын балаларға арналған ерекше әдіс болып табылады. Оның көпсезімдік принципі, яғни әртүрлі сезім мүшелерін пайдалану арқылы оқытуды жүргізу балалардың ақпаратты тиімді қабылдап, есте сақтауына мүмкіндік береді. Мұнда сөздер мен дыбыстарды дұрыс тану, оларды дыбыстық құрылыммен байланыстыру, әріптер мен сөздерді дұрыс жазуды үйрену ерекше назарға алынады. Бұл әдіс балалардың ойлау қабілетін дамытуға, олардың фонематикалық қабылдауын жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ, Ортон-Гиллингем әдісі жүйелі түрде және қадамдап оқыту арқылы баланың өзін-өзі түзетуіне мүмкіндік береді. Оның арнайы құрылымдалған бағдарламасы мен жаттығулары оқушылардың оқу дағдыларын дамытуда үлкен көмек береді. Қазақ тілінде бұл әдісті қолдану тілдің ерекшеліктеріне сәйкес оңтайлы нәтиже береді. Қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ескере отырып, Ортон-Гиллингем әдісінің дұрыс қолданылуы балалардың оқу мен жазу дағдыларын айтарлықтай жақсартады. Сонымен қатар, бұл әдіс балалардың ойлау қабілеттерін жетілдіріп, олардың фонематикалық қабылдауын жақсартады. Жүйелі әрі қадамдық оқыту арқылы балаларға өзіндік түзету дағдыларын меңгеруге жағдай жасайды. Әдістің құрылымдалған бағдарламалары мен арнайы жаттығулары балалардың оқу қабілеттерін дамытуда үлкен қолдау көрсетеді. Нәтижелер: эксперимент тобының оқу дағдылары айтарлықтай жақсарды. Әріптерді тану көрсеткіші бақылау тобымен салыстырғанда 18,3%-ға жоғары. Буындарды дұрыс құрастыру деңгейі 27,3%-ға жақсарды. Сөйлем құрау және сөздерді түсіну қабілеттері жақсарып, балалардың оқу үлгерімі артты. Балалардың оқу процесіне деген қызығушылығы мен мотивациясы артты. «Qaz-Orton» электрондық бағдарламасы түзету жұмыстарына инновациялық шешім ретінде оң нәтиже берді. Зерттеудің маңыздылығы: Ортон-Гиллингем әдісін қазақ тіліне бейімдеу дислексиясы бар балалардың оқу дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл зерттеу психикалық дамуы тежелген және дислексиясы бар балаларды оқытуда Ортон-Гиллингем әдісінің тиімділігін 16% көрсеткішімен дәлелдеп, болашақта білім беру жүйесінде осы әдісті қолданудың маңыздылығын көрсетті. Түзету-дамыту жұмыстары балалардың оқу үлгерімін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтенуіне де оң әсерін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Күшербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының ерекшеліктері // Дефектология. 2011. №3.–17 б.
2. Махмутов М.Х. “Особенности обучения детей с задержкой психического развития”. Москва: Просвещение, 2005.– 133 б.
3. Кучер Т.В. “Дети с задержкой психического развития: диагностика и коррекция”. Санкт-Петербург: Речь, 2012. – 160 с.
4. The History of the Orton-Gillingham Method. – Lexercise Blog, [Online Resource].–URL: <https://www.lexercise.com/blog/the-history-of-the-ortongillingham-method>
5. Moats L.C., Dakin K.E. “Basic Facts About Dyslexia & Other Reading Problems”. Baltimore: The International Dyslexia Association, 2008. <https://dyslexiaida.org/dyslexia-basics>

6. Shaywitz S. "Overcoming Dyslexia: A New and Complete Science-Based Program for Reading Problems at Any Level". Knopf, 2003. – 249 б.
7. Gillingham A., Stillman B. "The Gillingham Manual: Remedial Training for Students with Specific Disability in Reading, Spelling, and Penmanship". Cambridge: Educators Publishing Service, 1997. – 121 б.
8. Henry M. "Unlocking Literacy: Effective Decoding and Spelling Instruction". Baltimore: Paul H. Brookes Publishing Co., 2010. – 87 б.
9. Snowling M.J., Hulme C. "The Science of Reading: A Handbook". Wiley Blackwell, 2005. – 254 б.
10. <https://vk.com/@dyslexia.russia-zarubezhnye-metodiki-korrekcii-disleksii>
11. Белоусова Ксения. Основные параметры адаптации методики Ортона Гиллингема для русского языка. // Мир педагогики и психологии: №9 (38) Сентябрь 2019. – 49 б.
12. <https://vk.com/@dyslexia.russia-zarubezhnye-metodiki-korrekcii-disleksii>
13. <https://www.mcleanschool.org/why-orton-gillingham/>
14. Shaywitz S. Overcoming Dyslexia: A New and Complete Science-Based Program for Reading Problems at Any Level.–New York: Knopf, 2003.–414б.
15. Коноваленко В.В., Коноваленко С.В. Формирование связной речи и развитие логического мышления у детей старшего дошкольного возраста. - М.: Гном и Д. 2001.–143б.
16. Алшынбекова Г.К., Жумабекова Н.К. Автоматизированная обучающая программа «Qaz-Orton: дислексияны түзету әдісі» / Свидетельство о государственной регистрации прав на объект авторского права, МЮ РК № 53898 от 27.01. 2025 г.

Иванова Е.А., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, педагогический факультет, гр.ДОиВ-23-2р
Махмудова С.Р., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, педагогический факультет, гр.ДОиВ-23-2р
(Мукушева С.Б., к.п.н., ассистент профессора кафедры дошкольной и психолог-педагогической подготовки)

ПОВЫШЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПЕДАГОГОВ ПО РАЗВИТИЮ ПРОСТРАНСТВЕННОГО МЫШЛЕНИЯ ДЕТЕЙ

Дошкольное детство рассматривается в педагогике как самоценный и особо значимый период в становлении психики ребенка. В этот период происходит овладение ребенком культурными формами сознания и деятельности, специфически человеческими способами познания окружающего мира; интенсивно развивается его речь и мышление. Не менее благоприятен период дошкольного детства и для развития способности к ориентировке в пространстве.

Проблема пространственной ориентировки и формирования пространственных представлений – одна из наиболее сложных и актуальных научных проблем, поскольку ориентировка в пространстве как психологический феномен в его разнообразных формах играет важнейшую роль в процессах биологического и социального взаимодействия человека с окружающей средой.

Психолого-педагогические исследования (В.В. Данилова, О.М. Дьяченко, Т.И. Ерофеева, А.М. Леушина, В. Новикова, Е.В. Сербина, А.А. Столяр, М. Фидлер и др.) показывают, что пространственные различия возникают очень рано, однако являются более сложным процессом, чем различия качеств предмета. В формировании пространственных представлений и способов ориентации в пространстве участвуют различные анализаторы (кинестетический, осязательный, зрительный, слуховой, обонятельный) [1].

Изучавшие пространственные представления и ориентировку в пространстве исследователи (Б.Г. Ананьев М.В. Вовчик-Блаkitная, А.А. Люблинская, Т.А. Мусейбова, Ф.Н. Шемякин и др.) установили, что их несформированность к концу дошкольного возраста является одной из причин, вызывающих затруднения при овладении детьми школьными навыками.

В свете этих данных актуальным представляется развитие у дошкольников адекватных способов восприятия пространства, полноценных пространственных представлений и прочных навыков ориентировки в пространстве, что выступает необходимым компонентом формирования предпосылок учебной деятельности и одной из важных задач дошкольного образования. Это определяет актуальность исследования на социально-педагогическом уровне.